

Ұ. Сәменқызы^{1*} , Р.С. Тұрысбек² 

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru

Қ. ЖИЕНБАЙ РОМАНДАРЫНДАҒЫ АВТОР ЖӘНЕ ТҰЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ

Мақалада халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Қ. Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдарындағы автор және тұлға концепциясы мәселелері қарастырылады. Жазушы шығармашылығы туралы осы уақытқа дейін әдеби-сын мақалалар жазылғанмен, автор және тұлға концепциясы тұрғысынан арнайы зерттеу жұмысы жазылған жоқ. Автор романдарының өзекті тақырыбы қазіргі уақыттағы Арал экологиялық апат аймағы мен Байқоңыр ғарыш айлағының қазақ жеріне тигізіп жатқан зардаптары, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік мәселелері туралы болып келеді. Өңірде бүкіл түркі әлеміне ортақ тұлға Қорқыт баба кесенесі бар. Жазушы осы қарама-қайшылықты романдарында пайдаланып, қазіргі қоғамның өткір мәселелерін көркемдік тұрғыдан жинақтап, адам мәселесімен бірлікте суреттейді. Автор туындыда доминанттық қызмет атқарғанмен, тікелей көрінбейді. Алайда, үш романның тақырыптық жағынан жақын болуы жазушы концепциясын анықтайды. Қоғамның өзгерісі мен жаңаруы адам құндылықтары мен психологиясына жаңалықтар әкелген. Тұлға концепциясы бұрынғы кеңестік кезең шығармаларында жағымды-жағымсыз деп бөлінбейді. Қазіргі қазақ прозасындағы тұлға концепциясы – адамды жақсы-кемшілік мінездермен қатар бейнелеу принципіне бағытталған. Қ. Жиенбай қаһармандары – заманға бейімделген жаңашыл тұлғалар. Олар ХХ ғасырдың 90-жылдарындағыдай елден көшуді мақсат етпейді. Туған елдің көкейкесті мәселелерін жан-жүректерінен өткізе отырып, қызмет жасауды мақсат етеді. Ұлттық, рухани құндылықтарға көңіл аударады. Көркем мәтін филологиялық тұрғыдан талданып, жинақтау, қорыту, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Тұлғалардың көркемдік концепциясына маңыз берілді. Талдау мазмұнының осыған бағытталуы зерттеу жұмысының құндылығы саналады. Өйткені тұлғаның көркемдік концепциясы – жинақтаушы ұғым. Көркем шығарманың басты нәтижесі қаһарманның жаңашылдық сипатымен, шеберлік жағынан өз деңгейінде орындалуымен бағаланады. Зерттеу нәтижелерін әдеби-теориялық зерттеу жұмыстарында, қазіргі заман әдебиетіндегі тұлға концепциясына қатысты курстарда қолдануға болады.

Түйін сөздер: автор, тұлға концепциясы, интрига, қаһарман жан-дүниесі, психологиялық тар-тыс.

U. Samenkyzy^{1*}, R.S. Turysbek²

L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru

Author and identity concepts in the novels of Q. Zhienbay

The article deals with the issues of the author's and personal concept in the novels of the laureate of the International Literary Prize Alash, writer Q. Zhienbai. Literary and critical articles have been written about the writer's work, but there is no special research work from the point of view of the author's concept and personality. The actual topic of the author's novels are the consequences that the Aral Ecological Disaster Zone and the Baikonur cosmodrome are currently causing to the Kazakh land, as well as social problems of the local population. There is a mausoleum of Korkyt Baba in the region, common to the entire Turkic world. Using this contradiction in his novels, the writer artistically summarizes the acute problems of modern society and illustrates them in unity with the human question. The author, although he performs a dominant function in the work, does not manifest himself directly. However, the thematic proximity of the three novels defines the writer's concept. The concept of personality is not divided into positive and negative, as in the works of the former Soviet period. The concept of personality in modern Kazakh prose is focused on the principle of depicting a person along with well-imperfect characters. The philological analysis of the literary text, generalization, generalization, comparison is carried out. Special attention was paid to the artistic concept of personalities. The orientation of the content of the analysis to this is considered the value of the research work. After all, the artistic concept of personality is a cumulative concept. The main result of the artwork is evaluated by the innovative character of the

hero, masterful performance at his level. The results of the research can be used in literary and theoretical research works, courses concerning the concept of personality in modern literature.

Key words: author, identity concept, intrigue, heroic soul, psychological struggle.

Ұ. Саменқызы*, Р.С. Турысбек

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

*e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru

Концепция автора и личности в романах К. Жиенбая

В статье рассматриваются вопросы авторской и личностной концепции в романах лауреата Международной литературной премии Алаш, писателя К. Жиенбая «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар». О творчестве писателя написаны литературно-критические статьи, но специальной исследовательской работы с точки зрения концепции автора и личности нет. Актуальной темой романов автора являются последствия, которые в настоящее время наносят на казахскую землю Аральская зона экологической катастрофы и космодром Байконур, социальные проблемы местного населения. В регионе есть мавзолей Коркыт баба, общий для всего тюркского мира. Используя это противоречие в своих романах, писатель художественно обобщает острые проблемы современного общества и иллюстрирует их в единстве с человеческим вопросом. Автор, хотя и выполняет доминирующую функцию в произведении, не проявляется напрямую. Однако тематическая близость трех романов определяет концепцию писателя. Изменения и обновление общества принесли открытия в человеческие ценности и психологию. Концепция личности не делится на позитивно-негативную, как в произведениях бывшего советского периода. Концепция личности в современной казахской прозе ориентирована на принцип изображения человека наряду с хорошо-несовершенными характеристиками. Герои К. Жиенбая – современные личности. Они не нацелены на переезд из страны, как в 90-е годы XX века. Он стремится к служению, проводя от души насущные проблемы родной страны. Обращает внимание на национальные, духовные ценности. Проведен филологический анализ художественного текста, обобщение, сопоставление. Особое внимание было уделено художественной концепции личностей. Ориентация содержания анализа на это считается ценностью исследовательской работы. Ведь художественная концепция личности – понятие накопительное. Главный результат художественного произведения оценивается новаторским характером героя, мастерским исполнением на его уровне. Результаты исследования могут быть использованы в литературно-теоретических исследовательских работах, курсах, касающихся концепции личности в современной литературе.

Ключевые слова: автор, концепция личности, интрига, героическая душа, психологическая борьба.

Кіріспе

Қазіргі әдебиеттану ғылымында автор және тұлғаның көркемдік концепциясы ұғымдары орныққан. Мұнда, ең алдымен, жазушы бейнеленген көркем тұлға әдебиетке қандай идеялық-эстетикалық жаңалық әкелді деген мәселеге баса назар аударылады. Қаһарман – жазушының дүниетанымдық позициясының, суреткерлік эволюциясының көрінісі. Әрбір қаһарманның көркем бейнеленуінің ар жағында автор ізденісі мен шеберлігі болады. Бұл реттегі автордың тілдік-стильдік даралығы, шығарманың құрылымдық ерекшелігі, образ жасаудағы әр алуан амал-тәсілдерді қолдануы тәрізді көптеген сұрақтар туындайды. Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Қ. Жиенбай романдары мақалада осы өлшемдер тұрғысынан талданды. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен мақсаты осы

талаптан туындайды. Автор романдарындағы қаһармандардың типологиялық сипаты, ұлттық таным, мінез ерекшеліктері, қоғамның әлеуметтік-экологиялық мәселелерімен бетпестелуі, тағы басқа жайлар қарастырылады. Жазушы шығармашылығы жөнінде жазылған әдеби мақалаларда бұл мәселелер кешенді қамтылмаған. Зерттеу объектісіне орай, автордың романдары мысалында тұлға ұғымының көркемдік өрнектелу ерекшеліктері анықталды; тұлға концепциясы мәселесін шешу жүйесіндегі автор бейнесі қарастырылды; автордың қазіргі уақыт туралы тұжырымдарына сәйкес бүгінгі адам туралы түсінігі айқындалды.

Мақалада жазушы шығармашылығындағы тұлғаның көркемдік концепциясын философиялық, этикалық, мәдени-танымдық және қазіргі замандық контексте сипаттауға мүмкіндік беретін жүйелік әдіс қолданылады. Әдеби

шығармаларды тарихи-әдеби, салыстырмалы-типологиялық зерттеу элементтерін біріктіретін әдіс пайдаланылды. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орны студенттеріне қазіргі әдебиет пәні бойынша оқылатын арнайы курстар мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеу мақаласының маңызы мен жаңалығы мынадан көрінеді: әдеби шығармаларды тұлға концепциясын ашу аспектісінде зерттеу ұлттық дүниетаным мәселелері туралы әдеби түсінікті байытады; жазушы тұлғасының концепциясы автордың немесе баяндаушының суреттеуінде барынша толық бейнеленіп, өзін-өзі көрсетуге еркіндік алады, әртүрлі реңктерде боялып, әртүрлі формаларға ие болады; автор романдарындағы тұлғаның көркемдік концепциясы заман жүгін көтерген, моральдық күш-қуаты, ішкі қайсарлығы мол, адамдық мәнді сезінетін қаһармандар болып келеді; қоғамның дамуымен бірге әдеби қаһарманның бойында бейнеленген тұлға ұғымы дамып, өзгеріп отырады. Мақалада осы және өзге мәселелер әдеби-теориялық, көркем мәтінді талдау негізінде айтылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қ. Жиенбай шығармашылығындағы автор және тұлға концепциясын қарастыруда «Даңқ түрмесінің тұтқыны» (2000), «Ән салуға әлі ерте» (2008), «Жер үстінде де жұмақ бар» романдары зерттеу нысанына алынды. Жазушы романдарында автор концепциясы мен орта шындығы қаһармандардың тағдыры, іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы бейнеленеді. Туындыда доминант, әрине, автор, дегенмен идеяның көркемдік тұрғыдан орындалуы тұлғамен байланысты. Ал тұлғаның қандай дәрежеде көрінуі автордың суреткерлік дүниетанымымен, жазушылық шеберлігімен қатысты болып келеді. Романдардағы осындай теориялық мәселелер – автор және қаһарман байланысы, қаһарманның тұлғалану өзгешелігі, уақыт шындығы мен кейіпкер тағдыры, тағы басқа жайлар қарастырылады.

Жазушы романдарын талдауда кезінде басылым беттерінде жарияланған бірқатар әдеби-сын мақалалар назарға алынды. Кейін бұл материалдар жинақталып, автордың 70 жасқа толу мерейтойына орай Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлының құрастыруымен «Аралдың ақжал толқыны» деген атпен жеке кітап болып шықты. Сондай-ақ көркем туындыдағы автор және тұлғаның көркемдік концепциясы ту-

ралы отандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың көзқарастары мен тұжырымдары методологиялық жағынан басшылыққа алынды. Көркем мәтінмен филологиялық талдау, жинақтау, қорыту, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Әдебиет теориясының негізгі қағидалары, көркем шығарманы талдау тәжірибелері, тақырыпқа қатысты теориялық пайымдаулар қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

«Тұлға концепциясы» терминін алғаш рет ғалым Л.И. Тимофеев өз еңбегінде 1950-жылдары пайдаланған. Тимофеевтің «Пути художественного исследования личности» (1975 ж.), Л.Гинзбургтің «О литературном герое» (1979), Гинзбург «Литература в поисках реальности» (1987) еңбектерінде шығарма құрылымындағы тұлғаның көркемдік концепциясының маңызы, оның авторлық ұстаныммен тығыз байланысы, шығармадағы қаһарман бейнесінің зерттелу принциптері көрсетіледі. Жеке жазушылардың шығармаларындағы тұлғаның көркемдік концепциясы мәселелеріне арналған Е.С. Гапонның (Гапон Е., 2001:167), Н.Х. Хуажеваның (Хуажева Н., 1999: 25), Ю.М. Павловтың (Павлов Ю., 2004: 374), т.б. зерттеушілердің еңбектері шыққан. Қазақ әдебиетінің көрнекті сыншы М. Қаратаев «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» зерттеуінде қазақ прозасындағы тұлға концепциясының күрделі сипаты социалистік реализм әдісімен байланыстыра қарастырылады (Қаратаев М., 1974: 392). Тәуелсіздік кезеңде де көркем туындының тұлға концепциясы Ш. Елеукеновтің «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» (2006), «Тәуелсіздік биігінен» (2007), С. Қирабаевтың «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2001), «Тәуелсіздік рухымен» (2002), «Тарих және әдебиет» (2007), тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан айтылды. Шын мәнінде, көркем туындыны талдау тұлғасыз, оның көркемдік концепциясыз болуы мүмкін емес.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Адамзаттың күрделі болмысын тануда әдебиеттану ғылымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Соның бірі – көркем туындыдағы автор және тұлғаның көркемдік концепциясы. Әдебиеттегі адам мен оған қатысты мәселелерді

талдауда бұл концепциялар жүйесі арқылы жанр, шығарманың құрылымы, идеялық мазмұнмен шектелмей, әдеби қаһарманды мәтінмен тығыз бірлікте талдап, автордың дүниетаным ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік ашылады. Туындыдағы автор концепциясы жазушының өмір құбылыстарына бағасын, дүниенің тұтастығы туралы философиялық көзқарасын білдірсе, тұлғаның көркемдік концепциясы соның жүзеге асу жолдарын анықтайды. Қоғамның өзгерісі – адамның санасына, жан дүниесіне ықпал жасайтын мықты фактор. Жазушы Қ. Жиенбай прозасынан бұл үдеріс жақсы көрінеді.

Л.А.Колобаева: «Тұлғаның көркемдік концепциясы – белгілі бір әдеби контексте адамның тұлға ретіндегі идеялары, көзқарастары, пайымдау, түсіну және бейнелеу принциптерінің жиынтығын көрсететін ұғым», – дейді (Колобаева Л., 1986: 35). Ғалымның анықтауында, жазушының шығармашылық санасының негізі ретінде көрінетін тұлғаның көркемдік концепциясы бір шығарманың ғана емес, тұтас шығармашылықтың немесе оның жекелеген кезеңдерінің сипаты мен эстетикалық заңдылықтарын айқындайтын орталық болып та табылады.

Көркем туындыдағы автор және тұлға концепциясы туралы әр алуан көзқарастар бар. Хадсон көркем шығарманы жеке тұлғаның көрінісі ретінде қарастырып, жазушының дүниеге қарайтын айнасы – өз болмысының айнасы, демек, әдебиетті тұлғаның көрінісі ретінде зерттеу қажеттігін айтады. Сондықтан көркем шығарманы түсіну үшін авторды білу маңызды, авторды түсініп, танымайынша түсіне алмаймыз деген пікірді білдіреді. (Sahdev Luhar)

Хадсонның пікірін Қ. Жиенбай романдарымен байланыстырып қарастыруға болады. Шындығында, әйгілі жазушы Ә. Нұрпейісовтің Арал теңізі проблемасын жазуы кездейсоқтық емес. Сол сияқты жазушы Қ. Жиенбайдың да Арал-Байқоңыр мәселесін тереңдетіп жазуы тегін емес. Біріншіден, туып өскен ортасы болса, екіншіден, бұл өңірдің жай-күйін, халықтың тіршілігін, көкейкесті мәселелерін жақсы біледі. Суреткерлік-азаматтық ұстаным авторға ой салып, шығармашылық ізденіске негіз болған.

Дэвид Лодж «Сана және бір-бірімен байланысқан роман эсселері» еңбегінде көркем шығарманың адам санасының жазбасы және ең ауқымдысы екенін айта келіп, автордың өмір шындықтарын өз мақсатына, түсінігі мен дүниетанымына, құндылықтарды пайымдауына сәйкес бейнелейтінін алға тартады. Романды,

бәлкім, кеңістік пен уақыт арқылы қозғалатын жеке адамдардың тәжірибесін суреттеудегі ең сәтті адам әрекеті деп бағалайды (Lodge D., 2002:10). Өмір шындықтарының көркемдік шындыққа айналуында автор ұстанымының негізгі идеясының жетекші орын алуы – көркем шығарманың басты шарты. Туындының сюжеті мен кейіпкерлердің түзілуі автордың суреттеу нысанасымен байланысты. Қ. Жиенбай романындағы оқиғалар мен кейіпкерлер – реалды, өмірдің өзінен алынған. Қаһармандардың ішкі әлемі – шексіз де күрделі. Бір қызығы, қаһармандар өзге елдің адамдарымен де байланысып араласып жатады. Бұл – қазіргі уақыт шындығы. Көзқарастары әркелді, кейде қайшылықты келеді. Д. Лодж айтқандай, қазіргі уақыттағы – ХХІ ғасырдың басындағы адам санасының жазбасы іспетті. Не толғандырады, аңсары не? Ішкі проблемалары қазір өзекті болғанмен, алдағы уақытта мүлде басқаша сипат алуы мүмкін. Бірақ Арал-Байқоңыр өңірі жұртшылығының сол уақыттағы тіршіліктің қандай болды деген сұраққа Қ. Жиенбай романдарының жауап берері сөзсіз.

Ноам Хомский әдебиет адам және оның өмірі, қайталанбас тәжірибелері мен ерекше құндылықтары туралы білім алудың маңызды құралдарының бірі екеніне көңіл аударады. «...Біз әрқашан ғылыми психологиядан гөрі, адам өмірі мен тұлғасын романдардан көбірек білеміз», – дейді (Lodge D., 2002:12). Зерттеуші пайымы – әдебиеттің танымдық сипатымен байланысты. Оқырман Қ. Жиенбай романдарынан төменгі Сыр өңірі жұртының психологиясынан ғана емес, тұрмыс-тіршілігінен, қарекетінен, қатаң табиғат ортасынан мол хабар алады. Тынысыңды тарылтар аңызак ауа, аптап ыстық, кей күндері тынбай ұйтқи соғатын шаңтозаңды жел, шөптері күйіп кеткен қуаң дала көрініс береді. Осындай жұтаң далада Қорқыт Ата кесенесі асқақтайды, оның түркі халқы руханиятындағы орны суреттеледі.

Қ. Жиенбай прозасын сөз еткенде, алдымен екі мәселе анық көзге түседі. Біріншісі – қазіргі уақыт тақырыбында қалам тербеуі болса, екіншісі – шығармаларында суреттелетін уақыт пен кеңістіктің тұрақтылығы. Бүгінде құрғап, төңірегіне зор экологиялық апат тудырып отырған кәрі Арал теңізінің қазіргі тағдыры, Сыр бойының төменгі сағасында тіршілік кешіп жатқан адамдардың әлеуметтік жағдайлары мен аспан кеңістігін күнделікті бұзып-жарып, жер бетіне улы заттарын тоқтаусыз шашып

жатқан әлемдік Байқоңыр ғарыш айлағы, оның жанындағы шағын Төретам стансаның қоңыр тіршілігі мен бүкіл түркі жұртының ұлы тұлғасы Қорқыт Ата кесенесі, табынына йод тұнған, табиғат сыйы Қамбаш көлі мен аңызға айналған Барсакелмес қорығы – жазушы туындыларының үзілмес арқауы. Қазірде заман да, адам да өзгерген. Бір кездері дүркіреген балықшылар ұрпағы бүгінде әр түрлі кәсіппен айналысып кеткен. Үдере көшіп өзге өңірге барғандары да, аңызға даласын, тартылып кеткен теңізін аңсап, атамекеніне қайта оралғандары да бар. «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән алуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдарында өңір шындығын автор әр қырынан көркем суреттей отырып, жалпы адамзаттық, ұлттық проблемаларды көтереді. Шын мәніне келгенде, бұл өңір адамзаттық, ұлттық проблемалардың тоғысқан жері. Тұтасымен жатқан контраст. Арал теңізі – адамзаттық экологиялық мәселе болса, Байқоңыр ғарыш айлағы әлі де арыла алмаған отарлық қамыттың бейнесі іспетті. Жұпыны Төретам стансасы қазіргі қазақ жұртшылығының бұйығы тірлігін айғақтаса, Қорқыт ата кесенесі жазушының суреттеуінде жеті қат көкпен үндескен халықтың рух мықтылығы көрінісі болып шыққан. Туған жердің өткір мәселелері мен бүгінгі заманның илеуіне түскен адамдық құндылықтар автордың қаламгерлік концепциясында маңызды орын алады.

Сыншы, ғалым Қ. Ергөбек автор концепциясының түп-төркінін жақсы сипаттаған. «... Қуаныш шығармасының түйіні не? – деп біз де ойлап көрдік, тіпті көп ойландық. Бірақ көзбен көріп, қолға ұстарлық бадырайып тұрған философияны таппай қиналды. Оны жазушы мұрат та тұтпаған. Шығарманың бар философиясы әдеби мектептес ағасы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің айтулы екі шығармасында жиі қайталанатын – «Аяғы дүниенің ырың-жырың...» дегенге саяды. Неге «ырың-жырың»? Адамдар тағдырын тәлкекке тастап, олардың өмірге деген құштарлығын тұз құйғандай түп-тұқиянымен құртып, трагедияға жетелей жөнелетін не нәрсе? Жазушы іздейтін суреткерлік сауал міне осы! Суреткерлік сауалдың жауабы – аядай ауылдың Байқоңыр ғарыш айлағының қасіретінен бейдауа дертке ұшырап, мезгілсіз көз жұмып жатқан ауыр тағдырлы адамдары, немесе тірі жүргені болмаса басында билігі жоқ, қасіретін шегіп, бар рахатын жат жұрт көріп жатқан ғарыш айлағының басыбайлы құлына айналған, жардан ерте айырылып, бала-шаға асырау үшін ала дор-

ба аркалап, Түркістан базарына сабылып жүрген жансебіл, тәні тозған, жаны тоналған бейшара тұрғындарының тағдыры. Қуаныш Жиенбайдың қаламгерлік алымдылығы алдымен аядай ауыл адамдарының ит талаған терідей түкке тұрғысыз тағдырын барша ауыртпашылығымен, қасіретін қанын шығара талдап бере білгенінде. Сонша қасіретті аз көлемге сыйғыза талдап, оны қазақ деген үлкен әлеммен, тіпті әлемдік сыртқы дүниемен сәтті сабақтастыра суреттеп бере алғандығында. Суреткердің сондағы қынжылысы – қазақ трагедиясы болып шығады», – дейді (Ергөбек Қ., 2022: 37-38).

Жазушының «Даңқ түрмесінің тұтқыны» атты романының бас кейіпкері Баймырза Нұртайыш астанада дүрдей қызметкер болғанмен, тағдыры бүгінгі Арал теңізімен тікелей байланысты. Роман министр орынбасарының сән-салтанатымен басталмайды. Бас қаһарманның жан дүниесіндегі алай-дүлей сезіммен, шарасыздықпен басталады.

«Оу, аяқ астынан не бүлініп қалды? Жау қуып келе жатқандай жеңіл мәшинесімен темір қақпаға соғыла жаздап, оқыс тоқтағанын қайтейін; ізінше есігін тарс жауып, сыртқа атып шыққанын қайтейін; міне, сонан бері бетон табалдырықтан не ары, не бері өте алмай селтиіп әлі тұр. Күртешесінің жағасын көтеріп алды. Жиек-жиегіне зер жалатқан қоңыр көзәйнегі де төсқалтасынан оп-оңай табыла кетті» (Жиенбай Қ., 2012: 5).

Авторға осы стиль тән. Жазылған бұрынғы әңгіме-повестерінен де осы қолтаңба айқын танылатын. Оқырманын ілкі сөйлеммен-ақ кейіпкердің ішкі әлеміне енгізеді. Содан айнала кеңістік те, уақыт та, ситуация да қаһарманның көруімен, түйсінуімен бейнеленеді. Автор бір қарағанда сыртта қалған тәрізді. Бұл ретте адамның жан дүниесі алып мұхит сияқты. Бірде шалқып, арнасынан асып тасыса, кейде тартылып суалып жатады. Жазушы соның «қызулы» нүктесін таба біледі. Баймырза Нұртайыш қалай асып-саспасын? Әйелі онкологиялық емханада жатыр. Жұртқа оның басындағы хәлді түсіндіріп көр.

«Онкологиялық аурухана: алдымен заһар шашқан дәрі-дәрмектің иісі тынысыңды тарылтар; кірпіктері эзер қимылдайтын міскін жанарлар тұла бойыңды тінтіклер; ақыры өзің де ыңғайсыздау хал кешерсің. Жаның ышқынып, тұмсық ұшына тіреледі. Тұла бойыңды әлдеқайдағы әлсіздік билейді. Жә-жә, ендігі арманы – жазатайым біреу-міреудің көзіне

түсіп қалмау. Есепке жүйрік. Қатерлі ісікке шалдыққан жүз қаралы адамның кем дегенде үш жүзге тақау тамыр-танысы бар. Білсеңіз, үш жүз адамыңыз – бір қауым ел. Олар осы қаланың тұрғылықты халқы ма, әлде шабан пойыздың артқы вагонына эзер билет алып, сонау Сырдарияның теңіз құяр сағасындағы балықшылар ауылынан келетін бейтаныс біреулер ме – Баймырза үшін бәрібір. Мұның да бармаған жері, баспаған тауы қалды ма?! Қызмет бабымен талай дастарқаннан дәм татқан. Міне, сол таныстарының бірі Баймырзаны қапелімде танып қалмай ма: «Оу, Баймырза Нұртайыш, мұнда не ғып жүрсіз?..» Сасқалақтағанда аузына жөнді сөз түсе ме: «Салтанаттың сырқаттанып қалғаны». Арқасын беріп, теріс бұрылар. Сізбен сөйлесуге көңілімнің хошы жоқ дегенді түсіне қоя ма бұл қазақ? Қазымырланып тағы нелерді сұрағыштап, кісінің жүйкесін жұқартар: «Әйеліңіз ауырса сізге де қиын болған екен...» – деп жаны ашығансиды ғой және де. «Замминистр Баймырза Нұртайұлының ісік аурулары ауруханасын жағалап жүргендігін, оу, қалай түсінуге болады? Тегін жүріс пе? Әйелін сылтауратып... сыңайы...» Сол күні-ақ әлгі «жаңалық» жарты қалаңызды жаулап алар» (Жиенбай Қ., 2012: 13-14).

Автор кейіпкерін осылай мінездеп, осылай іштей сөйлетеді. Жоқ, дұрысы кейіпкер өзін-өзі айқындап, ішкі сырын ашып, өзін-өзі таныстыра түседі. Жазушы суреттеуінің ерекшелігі – білдей министрдің орынбасары бір ситуацияда екі ұдай сезімді бастан кешкен. Бірі – әйелінің жағдайына жаны ашыса, екіншісі – қара басының жайы... пенделік күйі. Мансабын қызғыштай қориды. Бөтен біреудің әлдеқандай сұқ сөзінен өлердей қорқады. Осы детальмен-ақ автор Баймырза Нұртайыштың шын кейпінен хабар береді. «Көркем шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының творчестволық ойлау сипатымен, дүниетанымы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады. Шығармадағы кейіпкер, әрине, автордың творчестволық еңбегінің жемісі екендігінде дау жоқ. Сонымен қатар кейіпкер мен автор арасында, жалпы көркем шығарма мен автор арасында көзге көріне бермейтін нәзік, бірақ нақты сабақтастық бар», – дейді әдебиеттанушы, профессор Ж. Дәдебаев (Дәдебаев Ж., 2001: 244). Сөз жоқ, Нұртайыш образының ар жағынан автор ұстанымы көрінеді. Жер бетінде мінсіз адам жоқ. Ендеше, мінсіз қаһарман болмайды. Жалпы, пенделік сезімінсіз, таза идео-

логиядан тұратын адам бола ма? Адамның күрделі болмысы оған сыя ма? Кейіпкерді ішкі қайшылығымен, кереғарлығымен алу және оны биік нүктесіне шейін суреттеу – тұлғаның көркемдік концепциясындағы жазушы Қ. Жиенбай ұстанымының басты принциптердің бірі.

Баймырза Нұртайыш басындағы қарама-қайшылық романда тереңдетілген. Оны автор жалаң алмайды, түрлі ситуациялар арнасында суреттейді. Әйелі Салтанаттың жаман кеселге тап болуы өзіне де, басқаға да жеңіл тимеген. Режиссерлік еңбекте әзірге жолы болмай жүрген ұлы Ғафизге де анасының дерті жеңіл соқпаған. Тұрмыста бағы ашылмаған бір кездегі уыздай жас келіншек Ұмытқанның қазіргі күйі – романда өзінше басқа арна. Тағдырдың айдауымен Барсакелмес аралынан бір-ақ шыққан оның ішкі әлемінде дүниені өртеп жіберетіндей мазасыздық пен қуат бар. Енді қайтсін? Жан дегендегі жалғыз ұлы Қабыл орталықта түрмеде отыр. Бар кінәсі – вертолетпен қорыққа құлан атуға келген әкімсымақ, байшікештің балаларының мылтығын тартып алып, сес көрсетіп, бір дүркін жоғары атып, аралдан қуып шыққаны. Ал сол Қабыл бір кездері беделі асқақтап, Аралға, одан Барсакелмеске іс-сапармен келген Баймырзаның ұлы болса, қанеки. Жазушы романда кейіпкерлер арасындағы психологиялық тартысты осылай күшейткен. Әр алуан кейіпкер мен тағдыр, әр алуан көзқарас пен мүдде роман тынысын ашқан.

Жалпы, Қ. Жиенбай романында сюжет емес, сол сюжеттен туындап жататын интриганың қаһарманның жан дүниесіне түсірер салмағы бірінші кезекке шығады. Адамдық құндылықтар әр кейіпкердің тағдыр-талайымен, таным-түсінігімен сараланады. Олардың арасындағы байланыс, қарым-қатыстар таразыланады. Айналып келгенде, кәсіптері қарапайым, әр қилы болғанмен, қазіргі уақыттың күрделі мінезді адамдары болып ерекшеленеді. Ал әр адам – заман жемісі, заман илеуі жаңа тұрпатты тұлғаларды қалыптастырады. «Концепция личности находит художественную реализацию в создании определенных типов героев, состоящих в сложных связях с обстоятельствами, выражается в авторской позиции и ... в стиле произведения», – дейді Н.Х. Хуажева (Хуажева Н., 1999: 8). Романдағы Баймырза Нұртайыш пен әйелі Салтанат, ұлы Ғафиз, алыстағы Ұмытқан, оның түрмедегі ұлы Қабыл – жазушының суреттеуінде әрқайсысы заман жүгін көтерген, ал тұтаса келе бүгінгі уақыт бейнесін, психологиясын танытатын тұлғалар болып шыққан. Бір

қызығы – өмірдің әр қиырында көрінгенмен, романда олар бәрібір бір нүктеде тоғысып, бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп жатады.

Мысалы, Баймырзаның көңілі толмайтын ұлы, режиссер Ғафиз Алматыдағы желтоқсан көтерілісінің шынайы кадрларын жанкештілікпен түсірген. Кейіннен құнды кадрлар жойылып, жасаған деректі туындылары жарыққа шықпайды. Жасандылыққа жаны қас, өнер жолында өзіндік берік ұстанымы бар ол төңірегіндегі жалтақтықты, жағымпаздықты – қоғам сипатын көріп жиренеді. Әкесі Баймырзамен де ымыраға келе алмайды. Желтоқсанды сөз етуін әкесі қош көрмейді. Автордың сюжет өрбітуіндегі шеберлігі – кейіпкерін тұйықта қалдырмай, жаңа тынысын ашады. Қазіргі уақыт – жабық қоғам емес. Сол Ғафиз енді шетелдік ғалымдармен бірігіп, жер бетіндегі ең қаны таза халық – қазақтар екендігі туралы фильм түсірмек. Сол экспериментке ілігіп, қазақтың ең таза қанын араб ханзадасына беріп, өмір сыйлаушы түрмедегі Қабыл болып шықса ше?

«Таза қанды халық! Қан тазалығына далалық түсінікпен қараған ата-бабамыз неткен данышпан еді деп таңдай қақпасқа шараңыз жоқ осы сәтте!.. Жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алыспаған қазақы дәстүрдің араға сан ғасыр уақыт салған соң да бүкіләлемдік маңызға ие болғандығын автор әдемі жеткізген, орынды айта білген... Біздің байқауымызша, бұл – бұрын-соңды айтылмаған тақырып. Автор осының өзімен де біраз олжаға кезіккен», – дейді әдебиеттанушы М. Хамзин. (Хамзин М., 2022: 117-118)

Ұлт құндылығын кейіпкер тағдыры арқылы бейнелеу – авторлық концепцияның бір қыры. Бұл ерекшелік кейінгі «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдарында да сәтті жалғасын тапқан.

Баймырзаның өмірі Аралмен байланысты. Бір жылдары сапарлатып Барсакелместе болса, енді, міне, тағы да Аралға жол түсіп отыр. Оны жолға шығарған бүгінгі күннің өзекті мәселесі – Кіші Арал проблемасы. Жерлестері арнайы шақыртқан. Қолында Байқоңыр айлағының жер асты мол суының картасы бар. Өуе кеңістігін бұзып-жарып, мезгіл-мезгіл коммерциялық ракеталарды ұшырып жатқан алпауыттарға керегі осы – мол су қоры. Баймырзаның бүкіл ғұмырына жететін қаражатты бір-ақ аударар. Бірақ табиғаттың да киесі, қаһары бар екен. Кіші Аралдың теңіз құмынан бекітілген бөгеті күшті дауылдың соқпа толқынынан жырылып, топан

су Баймырзаны қаңбақтай ұшырып, батпаққа тыққан. Естен айырылып, әуіріммен жаны қалады.

Әдебиеттанушы ғалым Р. Нұрғали: «Әлеуметтік факторлар – жазушының шығармашылық тағдырындағы маңызды күш», – дейді (Нұрғали Р., 2013: 83). Кіші Арал теңізі бөгетінің дауылда жырылып кетіп, бүкіл судың қопарылып, ұлы теңіз табанына құйылуы – рас факт. Жазушы осы деректі оңтайымен пайдаланған. Ал Баймырзаның сол кезде теңіз жағасында болып, батпаққа батуы – шығармашылық қиял жемісі.

«Ән салуға әлі ерте» романындағы жергілікті тұрғындар Әбдімәлік пен Қаражан Байқоңыр ракеталарының залалын бір адамдай біледі. Бірақ туған жерден жырақтау ойларында жоқ. Ыстық-суыққа көнген. Қазіргі уақытқа лайықталған. Әбдімәлік совхоз тараған соң, космодром іргесінен жеке меншік түйе фермасын ашқан. Сөйтіп, оның өнімі – денсаулыққа аса пайдалы кептірілген шұбат – Байқоңырда әлемдік брендке айналған. Жазушы ғарышкерлердің кеңістікке көтеріліп, кептірілген шұбатты пайдаланғанда, кеме ішінің кенеттен даланың боз жусанының жұпар иісіне бөленетінін суреттейді. Ғарышкерлер оны аңыз етіп айтып келеді. Кәсіпкердің пайдасы шаш етекпен. Бірақ оған токмейісір Әбекең жоқ. Табанында йод тұнған Қамбаш көлін неге бизнес көзіне айналдырмасқа. Йод жетіспеушілігі – бүгінде әлемдік дерт. Көл жағасына ақшаңқан санаторий үйін салса, жарнамасын жетілдірсе, йод жетіспейтін ауру адамдар әр қиырдан Қамбашқа ағытылмай ма?

Әбдімәлік – заманы тудырған тұлға. Оның ойын автор құрғақ баяндамайды. Қаһарманның түрлі ситуациядағы ой-толғанысымен кіріктіреді. Жалпы, жазушының көркемдік концепциясында жаңашыл адамды бейнелеу басты шығармашылық принципіне айналған. «Человек – сверхсложная информационная система, и диалектичность настолько для него характерна, что с метафизической точки зрения он представляется сплошь состоящим из парадоксов», – деген Н.И. Крюковский пікірі – Әбдімәліктің ішкі қуат көзі (Крюковский Н.И., 1983: 294).

Бұл роман да «Даңқ түрмесінің тұтқыны» туындысы секілді оқиғадан бұрын, оқиға салдарынан туындайтын психологиялық тартысқа құрылған. Жазушы психологиялық ситуацияны шебер өрістетеді. Тұтастай алғанда, Қ. Жиенбай прозасының негізгі сипатының бірі осында – психологиялық динамизм мен субъектілікте. Әр кейіпкердің көзқарасы, тағдыры өзгеше.

Шиеленісті психологиялық сәттер әр тараптан өрбіп, бір нүктеде түйісіп, тартыс алаңына бағытталуы – шығарманың басты қозғаушы күшіне айналған. Күйеуі Әбдімәлік салып берген екі қабатты коттеджде аста-төк өмір кешіп жатқан Патшагүлдің бала көтеріп, әйел бақытын сезіне алмауы – үлкен қайғы. Бұған керісінше Әбдімәліктің қайтыс болған бірінші әйелінің қызы Мейрамкүл аяғының ауыр болуы – екінші арна. Жастайынан аурушаң болып, пансионатқа өткізілген Әбдімәліктің үлкен ұлы Әнуарбектің жазылмас жан жарасы – үшінші арна. Әбдімәлік пен Қаражан арасындағы бәсекелестік пен қызғаныш, оның шарықтау шегіне дейін жетіп, Әбдімәліктің өлім аузынан қалуы – төртінші арна. Романда түрлі психологиялық ситуациялармен өмірдің күрделі шындығы, қоғамның қайшылығы бейнеленеді.

Тұлғаның шыңдалуы мен қалыптасуына қоғамның маңызы айрықша. Өмір шындығы объектінің сыртқы көрінісі емес, адамның жан дүниесіндегі кері ағыстар, ішкі шайқастар екені анықталады. Романда суреттелетін Әбдімәлік пен Қаражан – бүгінгі заман жемісі. Олардың бойында масылдық жоқ. Тіршілік әрекеттерін іздейді. Қаражанға тән бәсекелестік пен қызғанышты да жоққа шығармайсыз. Кеңестік дәуір әдебиетінің кейіпкерлеріне тән коммунистік көзқарас бұл қаһармандарда атымен жоқ. Туған жерге қызмет жасау дегенді басқаша ұғынады. Баю, пайда табу және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту – басты мақсат-мұратына айналған. Мұндай тың концепцияны жазушы өмірдің өз шындығынан алған. Сырттай жұпыны көрінетін Төретама даласы да қазіргі заманға лайықты қайнаған тіршілік көзіне, тың идеялар мекеніне айналған. Оның қозғаушы күші сырттан келгендер емес, Әбдімәлік, Қаражан сияқты жергілікті азаматтар. Тұлғаның сан қырлы болмысының қалыптасуы қоғамдық ортаның өнімі екені туралы Г. Бабшанова пікіріне ден қоясың (Бабшанова Г. Н., 2009: 18)

Тұтастай алғанда, Қ. Жиенбай романдарының желілік жалғастығы байқалады. Жазушының «Жер үстінде де жұмақ бар» романы алдыңғы романдарының жалғасы іспетті. Мұндағы кейіпкерлер десол Арал өңірі, Төретамайағының адамдары. Суреттелетін географиялық ортасы да сол аймақтар. Жазылу стилі де алдыңғы туындылардан алыс кетпейді. Мұнда да ширыққан, тез алмасып жататын оқиғалық тартыстан гөрі авторды қаһармандардың жан дүниесіндегі қайшылықтар, кері ағыстар қызықтырады.

Қоғам проблемасы бас кейіпкер Көбейсінді тыншытпайды. Автор қаһарман басындағы ситуацияны ыңғайымен өрістеткен. Төретама стансасы депосының бастығы қызметінен жабық қаланың мәрінің орынбасары қызметіне көтерілген оның уақыт келбетін көрер көкжиегі кеңейген.

Жазушы Көбейсінді монологті әдіспен мінездейді. Бір қарағанда, бәрі жақсы, орнында. Қызметке жауапкершілігі жоғары. Бұрынғы қызметте де осындай еді. Үнемі қауырт тірлік болатын. Әсіресе аяқ астынан ғарыш кемесіне керекті жабдықтарды тиеген ауыр составты диттеген жерге жеткізу қажеттілігі туғанда, қатал әскери бұйрық алды-артына қаратпайтын. Күн-түн, ыстық-суық демейді. Ауыр составты бір минут те кешіктіруге қақысы жоқ. Межелі жерге жеткенше жанын шүберекке түйеді. Көбейсін қазір де ғарыш айлағының жұмысында шыңдалған. Жергілікті халықпен байланыс жұмысы жүктелген. Кезінде Мәскеуден білім алған оның жаңа жұмыстағы іскерлігі ешкімнен кем соқпайды. Материалдық жағдайы жаман емес. Шаруағы мығым ұсынықты әйелі қас пен қабағына қарайды.

Жалпы, Қ. Жиенбай кейіпкерлері сырттай байсалды көрінгенмен, іштей мазасыз келеді. Қызметіне сәйкес Көбейсін әлеуметтік әділетсіздікті, тіпті Мәскеуге тікелей бағынатын Байқоңыр билігінің өктемдігін, жергілікті халықпен санаспауын жақсы сезінеді. Әлемдік сенсацияға айналған Байқоңыр мен іргедегі Төретама станса кентіндегі тіршілік неге екі басқа. Ауасы, суы, жері ортақ. Жазушы озбырлық пен ұлттық құндылықты, өткен тарих пен бүгінгі тіршілікті суреттеуде үш контрастыны қатар алады. Бір өңірдегі қарама-қайшылықтардың параллель суреттелуі, біріншіден, романның өрісін кеңейтсе, екіншіден, әлеуметтік теңсіздіктің астарын тереңірек ашуға мүмкіндік берген. Авторлық концепция да айқын: туған жердің туталақайы шыққан экологиялық зардабын жан-жақты бейнелеуді көздесе, сол өңірде тіршілік кешіп жатқан жандардың жанкешті психологиясы мен арман-мұратын, тіршілік үшін күресін суреттеуді мақсат еткен. «Художественное отражение мира – это не столько отражение реальности, сколько выражение себя посредством того, что отражаешь» деп келетін қағида суреткер болмысынан хабар береді (Лебедев С.Ю., 2021: 8). Романдағы суреттелетін шындық автордың жазушылық мақсатымен байланысты. Жазушы өз мақсатына жетелейтін болмысқа басымдық береді. «Жер үстінде де жұмақ бар» романында осы өлшем көзге түседі.

Автор басымдық беретін бірінші желі – әлемдік сенсацияға айналған Байқоңыр ғарыш айлағы. Адамзат ой-санасының биігі. Кезінде Кеңес Одағының капиталистік дүниені ықтырар айбынды қуаты. Қазіргі мұрагері – Мәскеу. Бүгінгі мақсат бөлек. Қыруар қаржы әкелетін коммерциялық ұшырылымдарға басымдық берілген. Сондықтан да ғарыш айлағында тыным жоқ. Қоршаған ортаға, қазақтың кең даласына қаншалықты зияны тиіп жатыр, онымен санаспайды. Талап қатал, тек кестеден шығу керек. Жалпы, космос айлағы – Қ. Жиенбай романдарының өзекті тақырыбына айналған. «Біздің айтарымыз – мұндай тың тақырыпты, космос тақырыбын барынша қаузап жазу бұрын-соңды қазақ әдебиетінде болмаған жаңа тыныс, қазақ жазушысы бүйтіп үңіліп жазбаған соны дүние», – дейді аға буын өкілі, жазушы Ә. Тарази (Тарази Ә., 2022: 15). Байқоңыр шындығы оңай шағылар жаңғақ емес. Жабық, әскери әлем. «Ән салуға әлі ерте» романында ереуілге шығып, теміржолды жапқан әйелдердің әрекеттеріне не істерін білмеген қарт машинист Қаражанның жан әлемімен біраз шындықтың беті ашылса, қала мэрінің орынбасары Көбейсіннің көретін, араласатын тірлігі кеңірек. Осы ретте қала мэрі Евгений Ильич туралы айта кету керек. Қазақ даласы, Байқоңыр ғарыш айлағы – ол үшін бар болғаны келімді-кетімді аймақ. Еш нәрсеге тереңдеп, басын ауыртпайды. Тек Мәскеудің бұйрығын қалтқысыз орындаса болғаны. Мәскеулік әйелі шілдеде аптабы күйдірген «тажал мекенге» айдаса да, аяқ баспас. Осы детальмен жазушы Ресей өктемдігін аңғартады. Қазақ даласының гептильмен уланып, экологиялық апат аймағына айналуы билікті ойлантпайды. Көбейсіннің мазасыздығы – автор позициясы. Қаһарманның жан күйзелісі Байқоңыр шындығынан, жергілікті халықтың кедейшілік тұрмысынан бастау алып жатады.

Романдағы екінші желі – Төретам стансасы. Әлеуметтік-экологиялық кереғарлықтың бейнесіне айналған Төретам кенті жалаң суреттелмейді. Орта көрінісі қаһарманның қабылдауымен, түйсінуімен беріледі. Бұл ыңғайда орта шындығы мен қаһарманның қабылдауы, бағасы параллель, тығыз бірлікте өрілген. Сөйтіп айнала-ортаны бейнелеу кейіпкердің сезім-түйсігімен ассоциацияланады.

«...Теміржолға ентелей қоныстанған қазақы үйлердің қам кірпіштен тұрғызылған аласа шартағы, жартылай құмға көмілген терезелері, қаңылтырмен қапталған ұп-ұзын мұржалары,

бір-бір шаңырақтың төбесіне орнатылған спутниктік антенналары мың жерден қалпағын қақырайтсаңыз да бұл суретсірә, жолаушылардың көңілін көншітпейтін болар. Біреулер бастарын шайқайды, біреулер аяушылық білдіреді. Космодром және Байқоңыр іргесіндегі қазақ ауылдары дейтін бір-біріне мүлдем қабыспайтын, қабыспақ түгілі қарадай-қарап кісінің ит жынын тырыстыратын осы бір атамзаманнан келе жатқан кереғар ұғымды балталап тастайтындай, ішінен кіжінетіндер қаншама. Айбат көрсетеді кәдімгідей. Ал сол аласа шартқтың қамыс есігінен басын қылтитқан жалаң аяқ, жалаң бас қара бала шақырайған күннен көзін көлегейлеп, жүйткіп өткен пойыздарға «жолдарың болсын!» дегендей әлжуаз қолдарын әнтек көтереді. Мұнысы, әрине, ішің жылитын-ақ құбылыс», – деп суреттейді жазушы (Жиенбай Қ., 2017: 3).

Осы тәрізді қаһарманның көңіл-аужайымен берілетін суреттеулер, бір қарағанда, шығарманың динамикасына кері әсерін тигізетін сияқты. Бұған кәрі қаншықтың тірлігімен, қабылдауымен өрілетін эпизодтарды қосыңыз. Бірақ автор бұл тәсілге әдейі барған. Экологиялық зардапқа белшесінен батқан қазақ тұрмысын неғұрлым кеңірек бейнелеуді мақсат тұтқан. Оның барлығы күнделікті ортадан сезінілетін реалды көріністерден алынған. У. Моэм: «художник не копирует жизнь, он компоунет её сообразно своему замыслу» деп жазғанындай, жан дүниесіне айрықша әсер еткен қайшылықты көріністерді суреттеумен әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік ашыла түскен (Моэм У., 1991: 163). «Жер үстінде де жұмақ бар» романында, керек десеңіз, моралите жанры да белең береді. Айталық, осындағы аллегориялық сипаттағы – кәрі қаншық, торғай, қарға-құзғын, атжалмандар әрекеті ақылға сыйымды, гибраты жаныңды жадыратын деңгейде бейнеленуі сол жанрдың қуаты», – дейді ғалым Т. Сыдықов (Сыдықов Т., 2022: 56-57).

Өңір тарихы мен тіршілік көрінісін бірлікте бейнелеу – әдебиетте ежелден бар үлгі. М.Әуезовтің «Абай жолы» туындысымен қасиетті Шыңғыстау өлкесі бар келбетімен көрінсе, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-дилогиясында өлімші халге жеткен Арал бейнеленеді. Жазушы Қ. Жиенбай аға жазушы Ә. Нұрпейісовті қайталамай, сол өңірдің тағы бір күрделі мәселесі Байқоңырды әдебиетке әкеледі.

Романдағы үшінші желі – киелі Қорқыт кесенесі. Қорқыт – көне түркі, оның ішінде қазақ халқының өткенінің символы. Ол – тарих,

әлемдік өркениеттің алтын тұғырының бірі. Онда ежелгі түркі, қазақ халқының күллі рухы бар. Шығарманың бас қаһарманы уақыт өте келе осы шындықты жан-тәнімен түйсінеді. Сол себепті де Мәскеуде оқып, білімді болдым десе де, ақыр соңында Көбейсін төңірекке нұрын шашқан Қорқыт баба рухын тануға, пайымдауға құлшынады. Мұндағы авторлық концепция бедерлі: халық өткен тарихын білуі, тұлғасымен мақтана алуы керек деген пайым аңғарылады. «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрге шекеден қарамауға тиіс» екенін Көбейсін де тартыс үстінде ұғынады (Назарбаев Н., 2017: 4).

Романдағы тартыс Қорқыт кесенесі төңірегінде өрбиді. Қорқыт кесенесі әлем назарына ілігіп, жан-жақтан туристер келе бастағанда, өз бизнесін дамытуды ойлаған Көбейсіннің қайнағасы Сағыныш, оған ағасы Ебейсіннің де қатысы бар, сол аралықтан орын алып, сауық-сайран орталығын салуды ойлайды. Қызметтік беделдерін салып, қала мэрі Евгений Ильичке шығады. Ол қомақты жер бөліп беруге уәде етеді. Көбейсін мен Евгений Ильич арасындағы тартыс осыдан басталған. Көбейсіннің киелі Қорқыт кесенесін арзанқой сауық-сайран ордасына, даңғазаға айналдыруға көңісі жоқ. Қала мэрі қазіргі заманның тәсілі қорқытып-үркітуді қолданады. Қарулы жігіттер Көбейсінді айдаладағы адам аяғы баспайтын жеке сарайға алып кетіп, бірнеше күн қамап ұстайды. Сусыз, тамақсыз, есеңгіреп жатқан Көбейсіннің керісінше Қорқыт атаға деген ынтызарлығы арта түседі. Бұрын-соңды сезінбеген сағынышты сарындар көңілін қозғайды. Көбейсін мен Евгений Ильич арасындағы текетірес, оған қайнағасы Сағыныш пен ағасы Ебейсіннің қатысы қазіргі уақыт шындығын аша түсетін арнаға айналған.

Роман композициясынан өзіндік ерекшелік танылады. Жауар бұлттай түнерген тартыс лебі бірде Көбейсіннің, бірде қала мэрінің, енді бірде Ебейсін мен Сағыныштың, Көбейсіннің әйелі Ақкербездің монологімен қылаң беріп, дамып отырады. Оқырман олардың беттесіп, алақиғаш тартысуын күтеді. Шығармада бұған негіз жеткілікті. Бірақ автор оған бармайды. Сол тартыстың зілі бас қаһармандардың психологиясымен – дағдарыс-күйзелісімен суреттеледі. «Қай дәуірдегі болсын, заман болмысы тартыс арқылы жасалады және шебер шешімін тапқан тартыс заман болмысы дегенді жайдақ, жалаңаш түрде емес, күрделі әрі кесек адам бітіміне жинақтап көрсетеді», – деген көркемдік прин-

цип романда негізге алынған (Қабдолов З., 1976: 181).

Автор бас қаһарманды судан таза қалыпта бейнелеуден аулақ. Адамға тән осалдық пен пенделік оған да тән. Мәскеуде оқып жүріп, үйлену мүмкіндігі болмай, өзге ұлт қызының бойында кеткен баласының арада көп уақыт салып, Байқоңыр ғарыш айлағына келе жатуы – жаңа сюжеттік арнаның басы. Оны Көбейсіннің өзі де білмейді. Дегенмен өмірдің күрделі иірімінде мұны жоққа шығармайсың. Бойында қазақтың қаны тулаған ірі бизнесмен азаматты бір жұмбақ түйсік ұлы далаға жетелеп әкеле жатқандай. Бұл шындық та бүгінгі қоғамға сыйымды.

Роман – жанрлық түр жағынан әлеуметтік-психологиялық шығарма. Кейіпкерлердің әр алуандығы, көзқарастар қайшылығы туындының реализмін, проблематикасын арттырған. Стилі күрделі. Суреттеу объектісін автор қаһарманның қабылдауымен, эмоциясымен бейнелейді. Детальге мән беріледі. «Оу, қайдағы цивилизация, көкешім! Өмір бойы Төретамның улы шаңдағын жұтқан ит өмірінің ақырғы қорытындысы мінекей!», «Өз ішімізден шыққан бала ғой» деп осынша басынудың түбі жақсылыққа апара ма? Ай, сірә, апармас! Ой, тілеуіңді бергір-ай, ондайда өткен-кеткенді ақыл тезіне салып, безбендейтін шама қайда», «Со-лай, сірә, бұлардың бастарын әлдебір сиқырмен дуалап тастаса да бізден көрмеңіз?!» деп келетін құрылымдар қаһарманның көңіл-күй әуенімен түрленген.

Жазушы Д. Досжан: «Қазақ әдебиеті де авангард үлгісінен ада-күде емес, ол әрдайым әлемнің төрт бұрышында туындаған ауқымды коллизия мен жанрлық фабуланы бойына мольнап сіңіріп дамыды. Мұхтар Әуезовтің 20-шы жылдар басында жазған «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімелерінде батыстың таңдай қағып, бас ұрып мінажат еткен осынау әдіс-тәсілінің нышаны айқын сезіледі. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы қазақ бойжеткені Ақбілек пен орыс офицерінің бірін-бірі тілмен емес, ишара, мегзеу, сезім иірімдері арқылы түсінуі – қазақ прозасындағы авангард нышандары. Арада қаншама жыл өтті, нешеме майталман жазушылар шыңдалудың шыңына көтерілді, маңдайалды неше алуан тақырыптарды игерді. Арнасы кең алқапқа жайылып ағатын дария секілді сөз өнерінің бүгінгі бастау бұлағының бір тармағы Қуаныш Жиенбай есімімен тығыз байланысты», – деп бағалайды (Досжан Д., 2022: 18).

Көркем шығарма – уақыт бейнесі. Жай ғана уақыт бейнесі емес, автордың қабылдауымен берілген дәуірдің әлеуметтік-психологиялық шындығы. Әдебиеттанушы В.Е. Хализевтің: «Авторская субъективность неизменно присутствует в плодах художественного творчества», – деуінен шығармашылық үдеріс шындығы көрінеді. (Хализев В.Е., 2004: 63) Жазушы Қ. Жиенбай романдарында қазіргі заман шындығы, мәселелері, психологиясы қаһармандардың әр алуан тағдырымен бейнеленген.

Қорытынды

Қ. Жиенбай – қазіргі қазақ прозасында өзіндік орны бар, бүгінгі күн тақырыбында шығармаларын өнімді жазып келе жатқан танымал жазушы. Автор концепциясы – қазіргі уақыттағы қазақ елінің шындығын көркем бейнелеу. Ол үшін тақырыпты алыстан іздемей, өзі жақсы білетін туған жердің өзекті мәселелерін көтереді. Арал теңізінің құрғап, экологиялық аймаққа айналуын, Байқоңыр ғарыш айлағының халықтың денсаулығына, тұрмыс-тіршілігіне ауыр зардаптарын тигізуін тереңнен толғап суреттеу – автордың берік суреткерлік-азаматтық ұстанымын танытады. Роман қаһармандары әр алуан кәсіп иелері болғанмен, ортақ бірліктері бар. Біріншіден, олар бір өңірдің тумалары болса, екіншіден, қиын экологиялық аймаққа көндіккен, заман нарығына ыңғайланған. Өткен ғасырдың 90-жылдарындағыдай атамекеннен үдере көшуді ойламайды. Түрлі кәсіп ашып, өңірді өркендетуді мақсат етеді. Жаңашылдық – Қ. Жиенбай романдары тұлғаларының басты көркемдік концепциясы. Масылдық жоқ. Өмір өзгерісі оларды шыңдаған. Ешнәрсенің өз бетінше орындалмайтынын жақсы біледі. Алдарына биік мақсаттар қояды (кептірілген шұбаттың ғарыш айлағының брендіне айналуы, йод тұнған Қамбаш көлінің жағасынан сауықтыру санаторийін ашуды ойлауы, қазақ

халқы қанының әлемдегі ең таза қан екенін дәлелдеуге ұмтылуы, т.б.)

Жазушы қаһармандары туған жердің құндылықтарын бағалайды. Мәскеуде оқып жоғары білім алған, жабық қала мәрінің орынбасары қызметін атқарған Көбейсін, министрдің орынбасары Баймырза Нұртайыш, жергілікті кәсіпкер Әбділмәлік – көзі ашық, қазіргі уақыттың ыстық-суығынан өткен, заман жүгін арқалаған тұлғалар. Ішкі әлемдері күрделі. Азаматтығымен қоса пенделілік осалдықтары да бар. Қорқыт ата кесенесінің күллі түркі жұртының асыл тұлғасы, қазақ даласының рухани тұғыры, мақтанышы екенін сезінеді. Көбейсіннің қала мәрімен, басқа да жат пиғылды адамдармен арадағы тартыста киелі орынды қызғыштай қорғап, басына қауіп төнеді. Туған жерге табанын нық тіреген бұл қаһармандар – өзіндік болмыс-бітімімен дараланған тұлғалар.

Жазушы романдарында сюжеттен туындап жататын интригаларға ерекше мән беріледі. Тұлғаның көркемдік концепциясында – қаһарманның жан дүниесін сөйлету, ішкі тартыс, көзқарастар қайшылығы жетекші рөл атқарады. Сондықтан да романдарға қаһармандардың ішкі жан дүниесін қопара суреттеу тән. Бұл бағыттағы жазушы ізденісі жемісті. Замандас аға буын жазушылар Қ. Жиенбайдың шығармашылығын жоғары бағалаған. Орта шындығын қаһарманның таным-түсінігімен бейнелеу, біріншіден, кейіпкерді тұлғаландырудың негізі болса, екіншіден, әр алуан көзқарас, тағдыр-тауқыметпен уақыттың күрделі бейнесі көрінеді. Адам – қоғамның жемісі. Санадағы өзгеріс, жаңа арман-мұраттар – уақыттың сыйы. Сондықтан қаһармандар санасындағы сілкіністі автор өмірден алып, көркемдік шындыққа айналдырады. Шетел адамдарымен байланыс – заман тудырған көріністер.

Әр алуан көркемдік тәсілдерге батыл барған жазушы романдары қазіргі қазақ әдебиетінің жемісті туындылары қатарынан саналады.

Әдебиеттер

- 1 Гапон Е.С. Художественная концепция личности в творчестве В.Г. Распутина 1990-2000-х гг. Армавир, 2001. – 167 с.
- 2 Хуажева Н.Х. Художественная концепция личности в прозе Аскера Евтыха: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Майкоп, 1999.
- 3 Павлов Ю.М. Художественная концепция личности в русской и русскоязычной литературе XX века: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. М.: ИМЛИ РАН, 2004. – 374 с.
- 4 Қаратаев М. Тандамалы шығармалар. 3 томдық. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. 2-т., Алматы, «Жазушы», 1974. – 392 б.

- 5 Колобаева Л.А., 1986. Концепция личности в творчестве М.Горького. Учебные пособия. Издательство Московского университета, Москва. – 54 с.
- Sahdev Luhar. Literature as an Expression of Personality. <http://sahdevluhar.blogspot.com/p/literature-as-expression-of-personality.html?m=1>
- 6 David Lodge. *Consciousness & the Novel: Connected Essays*. Harvard University Press, 2002 – 320 б.
- 7 Ергөбек Қ., 2022. Аяғы дүниенің ырың-жырың... Кіт. Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы). Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. Алматы: «Қоғам» баспасы. 288 б.
- 8 Жиенбай Қ., 2012. Тандамалы. II томдық. I том. Роман, повесть және әңгімелер. – Астана: Фолиант. – 480 б.
- 9 Дәдебаев Ж., 2001. Жазушы еңбегі. Алматы: Қазақ университеті. – 340 б.
- 10 Хамзин М., 2022. Ізденіс пен дүниетаным / Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы). Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. Алматы: «Қоғам» баспасы. – 288 б.
- 11 Нұрғали Р., 2013. Сөз өнерінің эстетикасы, – Астана. – 388 б.
- 12 Крюковский Н.И., 1983. Homo pulher Человек прекрасный: Очерк теоретической эстетики человека / Н. И. Крюковский. – Минск : Изд-во БГУ. – 303 с.
- 13 Бабшанова Г. Н., 2009. Художественная концепция личности в прозе сибирско-татарских писателей XX века: Занкиев Я.К., Сулейманов Б.В. Специальность 10.01.02 – Литература народов Российской Федерации (татарская литература) АВТОРЕФЕРАТ диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Тобольск, – 22 с.
- 14 Лебедев С. Ю., 2021. Образная концепция личности как основа содержания художественного произведения. / Культура. Адукацыя. Мастацтва. Агульныя праблемы культуры. – Минск. – С. 5-12.
- 15 Тарази Ә., 2022. Кең тынысты туынды (Жазушы Қ. Жиенбайдың бір шығармасы хақында). Кіт. Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы). Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. Алматы: «Қоғам» баспасы. 10-17 бб.
- 16 Жиенбай Қ., 2017. Жер үстінде де жұмақ бар. Роман, әңгімелер. Алматы: ЖК «InterBesCompany»,. – 480 б.
- 17 Моэм У. С., 1991. Подводя итоги (перевод М. Лорие) / У. С. Моэм. Подводя итоги : [эссе, очерки]; сост., вступ. ст., коммент. Г. Э. Ионкис. – М. : Высшая школа. – С. 29-218.
- 18 Сыдықов Т., 2022. Шындық пен шеберлік. Кіт. Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы). Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. Алматы: «Қоғам» баспасы. 43-96 бб.
- Назарбаев Н.Ә., 2017. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
- Қабдолов З., 1976. Сөз өнері. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Алматы, «Мектеп» баспасы. – 375 б.
- Досжан Д., 2022. Қазақ прозасындағы авангардизм немесе Қуаныш Жиенбай қалай жазады? Кіт. Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы). Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. Алматы: «Қоғам» баспасы. 18-24 бб.
- Хализев В.Е., 2004. Теория литературы: Учебник/В. Е. Хализев. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк. – 405 с.

Reference

- 1 Gapon E.S. *Hudozhestvennaya koncepciya lichnosti v tvorchestve V.G. Rasputina 1990-2000-h gg* [The artistic concept of personality in the works of V.G. Rasputin 1990-2000's] Armavir, 2001. 167 p.[in Russian]
- 2 Huazheva N.H. (1999). *Hudozhestvennaya koncepciya lichnosti v proze Askera Evtyha* [The artistic concept of identity in the prose of Asker Yevtykh] abstract of the dissertation of the Candidate of Philology. Maykop. – 25 p. [in Russian]
- 3 Pavlov Yu.M. *Hudozhestvennaya koncepciya lichnosti v russkoj i russkojazychnoj literature XX veka* [The artistic concept of personality in the Russian and Russian-language literature of the twentieth century]autoref. dis. ...Dr. philol.. М.: IMLI RAS, 2004. 374 p.[in Russian]
- 4 Karataev M. *Tandamaly shygarmalar. 3 tomдық. Socialistik realizminkazak prozasynda kalyptasuy*. [Selected works.3 volumes.Formation of socialist realism in Kazakh prose.Vol. 2], Almaty, Zhazushy, 1974. – 392 p. [in Kazakh]
- 5 Kolobaeva L.A., (1986). *Koncepciyalichnosti v tvorchestveM.Gor'kogo. (Uchebnye posobiya)* [The concept of identity in the works of M. Gorky. (Training manuals)] Moscow University Press, Moscow. – 54 p. [in Russian]
- Sahdev Luhar. Literature as an Expression of Personality. <http://sahdevluhar.blogspot.com/p/literature-as-expression-of-personality.html?m=1>[in English]
- 6 David Lodge. *Consciousness & the Novel: Connected Essays*. Harvard University Press, 2002 – 320 p.
- 7 Ergobek K. (2022). *Ayagydunieninyryn-zhyryn...* [The end of the world...]. Book: Death wave of theAral sea (collection of articles about the creative portrait of the writer Q. Zhiembay). Comp.Sh.Abdikarimov, B.Omaruly. Almaty: Kogam. – 288 p. [in Kazakh]
- 8 Zhiembay Q. (2012) *Tandamaly* [Selected works] II volumes. Volume I. Novel, short story and short stories. – Astana: Foliant. – 480 p. [in Kazakh]
- 9 Dadebayev Zh. (2001) *Zhazushy enbegi* [The work of a writer]. Almaty: Kazakh University. – 340 p. [in Kazakh]
- 10 Khamzin (2022). *Izdenis pen dunietyanym* [Search and worldview]. Book: Death wave of theAral sea (collection of articles about the creative portrait of the writer Q. Zhiembay). Comp. Sh.Abdikarimov, B.Omaruly. Almaty: Kogam. – 288 p. [in Kazakh]

- 11 Nurgali R. (2013) Soz onerininestetikasy [Aesthetics of the art of the word]. Astana. – 388 p. [in Kazakh]
- 12 Kryukovskij N.I., (1983). Homo pulcher Chelovek prekrasnyj [Homo pulcher The Beautiful Man] An Essay on the theoretical aesthetics of man N. I. Kryukovsky. – Minsk: Publishing House of BSU. – 303 p. [in Russian]
- 13 Babshanova G. N. (2009). Hudozhestvennaya koncepciya lichnosti v proze sibirsko-tatarskih pisatelej XX veka: Zankiev YA.K., Sulejmanov B.V. [The artistic concept of personality in the prose of the Siberian-Tatar writers of the twentieth century: Zankiev Ya.K., Suleymanov B.V.] Specialty 10.01.02 – Literature of the peoples of the Russian Federation (Tatar literature) ABSTRACT of the dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences. Tobolsk, – 22 p. [in Russian]
- 14 Lebedev S. YU. (2021). Obraznaya koncepciya lichnosti kak osnova sodержaniya hudozhestvennogo proizvedeniya. [The figurative concept of personality as the basis of the content of a work of art]. Culture. Education. Art. General problems of culture. – Minsk. – 5-12 p. [in Russian]
- 15 Tarazi A. (2022) Ken tynystyuyndy [Wide-breasted creation] Book: Death wave of theAral sea (collection of articles about the creative portrait of the writer Q. Zhienbay). Comp. Sh.Abdikarimov, B.Omaruly. Almaty: Kogam. – 288 p. [in Kazakh]
- 16 Zhienbay Q. (2017) Zher ustindezhumak bar [There is also paradise on earth]. Novel, stories. Almaty: IP «InterBesCompany», – 480 p. [in Kazakh]
- 17 Moem U. S. (1991). Podvodya itogi (perevod M. Lorie) [Summing up (translated by M. Lorie)] essays; comp., intro. art., comment. G. E. Ionkis. – M.: Higher School. – 218 p. [in Russian]
- 18 Sydykov T. (2022) Shyndyk pen sheberlik [Truth and skill]. Book: Death wave of theAral sea (collection of articles about the creative portrait of the writer Q. Zhienbay). Comp. Sh.Abdikarimov, B.Omaruly. Almaty: Kogam. – 288 p. [in Kazakh]
- 19 Nazarbayev N.A. (2017) Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru [Looking to the future: modernization of public consciousness]. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy [in Kazakh]
- 20 Kabdolov Z. (1976) Soz oneri. [Art of word] Almaty: Mektep – 375 p. [in Kazakh]
- 21 Doszhan D. (2022) Kazak prozasyndagy avangardizm nemese Quanysh Zhienbay kalai zhazady? [How does avant-garde or KuanyshZhienbai write in Kazakh prose?]. Book: Death wave of theAral sea (collection of articles about the creative portrait of the writer Q. Zhienbay). Comp. Sh.Abdikarimov, B.Omaruly. Almaty: Kogam. – 288 p. [in Kazakh]
- 22 Halizev V.E. (2004). Teoriya literatury: Uchebnyk [Theory of literature: Textbook] 4th ed., ispr. and add. – M.: Higher School. – 405 p. [in Russian]